

Құрметті Сатып алушылар!

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес жолдама парағын және тауар-көлік жүкқұжатын (ТКЖ) техникалық рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 (үш жарым) тоннадан асатын жүк автокөлік құралына қағаз тасығышта рәсімдеу кезінде тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші олардың көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде (бұдан әрі - КҚББЖ) тіркелуін қамтамасыз етеді:

жолдама парағы - ауысым (сапар) басталғанға дейін;

тауар-көлік жүкқұжаты - жүк жөнелтілгенге дейін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістердің енгізілуіне байланысты 2025 жылғы 13 наурыздан бастап осы талапты орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік күшіне енеді, және 60 АЕК-ке дейін, қайталап бұзғаны үшін 80 АЕК-ке дейін айыппұлдың салынуына әкеліп соқтырады.

Жүк жөнелтушінің ТКЖ-ны тіркеуі үшін Тасымалдаушы мен Жүк алушының (Сатып алушының) КҚББЖ-де тіркеуі болуы керек. КҚББЖ-де тіркеу заңды немесе жеке тұлғаның ЭСҚ-сын пайдалану арқылы іске асырылады.

Тасымалдаушы мен Жүк алушының (Сатып алушының) КҚББЖ жүйесінде тіркелуінің болмауына байланысты жолдама парағы мен ТКЖ-ны КҚББЖ жүйесінде тіркеу мүмкін емес болған жағдайда, Серіктестік жүктің уақтылы жөнелтілуіне кепілдік бере алмайды және жөнелтудегі ықтимал кешіктірулер үшін жауапкершілікті өзінен алып тастайды.

Тіркелу сілтемесі <https://esutd.gov.kz/home>